

*Бекітемін
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері А.Жақсылықова*

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға!»

Ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілік



**Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова К
Орысбаева А**

Таушық ауылы, 5.10.2023 ж

Ұстаз!

Ұ — ұлағатты!

С — сыпайы!

Т --- тәрбиелі!

А -- ақылшы!

З — зейінді!

Камшат: Ұстаз, ұстаз!!!

*Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,
Осы сөзде таусылмайтын жылылық.
Әль — Фараби, Ыбырай мен, Ақаңды
Осы сөз ғой қойған бізге ұлы — қып.*



Алтынтөре: Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,

Тентектерді ақылмемен емдейтін,

Болса дағы малға кедей өмірде.

Бар байлығым шәкірттерім сен дейтін!

Камшат: Құрметті ұстаздар сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен **шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің дана көңілдеріңіз әр бүлдіршіннің жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз. Құрметті ұстаздар!**

Алтынтөре: Иә! Мектепке дейінгі білім мен тәрбие көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымын төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтау үшін сахнамыздың төріне бақшамыздың басшысы Алмагүл Ерболатқызын шақырамыз!

Камшат:

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген.

Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген?!

Айтыңдаршы, адам бар ма Өмірде,

Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген?

Ұстаздар, ұлағатты зиялылар,

Сендерде ғалымдардың қиялы бар.

Ағайын, тойларыңа тарту етем,

Шәкірттердің сәлемін қабыл алыңыздар!

Алтынтөре: Ортада «Алтын сақа» тобы бүлдіршіндерінің орындауында «Ұстаз-Ана» әні.



*Камшат: Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік! –дей келе
«Толағай» тобы бүлдіршіндерінің жыр-
шумақтарын қабыл алыңыздар!*

*Айдай: Ұстазым менің ұстазым!
Анашыма ұқсадың.
Күлімсірей қарап көзіме,
Қағаз , қалам ұстаттың.*

*Алуа: Білімнің кәусар бұлағын
Жүресің құйып санама.
Біз үшін сенсің мұғалім,
Ұстаз да ғалым данада.*

*Аянат: Ұстаз ана болды ол
Әрқашанда біздерге.
Бар балаға берді ол,
Қуаныш пен өнеге.*



*Алтынтөре: Жүздерінен мейірімді нұр тамар ,
Алдарында жауқазындай құлпырған .
Біз бақытты балғын шақты балалар- деп кезекті «Ер
Төстік» тобының бишілеріне береміз.*

Би: «Тауыс»



Камшат: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді. Ендеше «Алтын сақа» тобы бүлдіршіндерінің өздеріңізге арнаған өлең-шумақарын қабыл алыңыздар!

Сайда: Білімнің кәусар бұлағын
Жүресің құйып санама.
Біз үшін сенсің мұғалім,
Ұстаз да ғалым данада.

Расул : Ұстазым, мінің ұстазым.
Алғысым шексіз өзіңе.
Тілеймін саулық деңіңе.
Аяулы менің ұстазым.

Айбар: Ұстаз болу жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.

Жансая: Ұстаздың оттай ыстық алақаны ,
Болған соң ойлайтыны бала қамы.
Баладвн ұстазыма мың сан алғыс ,
Өйткені ол ұстазымның ақ арманы.

Ғибратолла: Ең аяулы есім зой «Ұстаз» деген ,
Бар тіршілік қабытты ұстазбенен.
Ұстазды жеткізгенше мұратына,
Білім іздеп лапылдап жана берем.

Жанәли: Ұстаздар ! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар!

Айназ: Ұстазым менің ұстазым,
Өзіңдей ұлы тұлғаға.
Сүйсіне қарап ой түйіп,
Өзіңе арнап жыр жаздым.

Аяулым: Ұстазым менің-ақылышым!
Әр сөзің дана асылсың,
Білімге құштар жандарға,
Шын жанашыр жақынсың.



*Алтынтөре: Тәрбиеші апайлар,
Сіздердей жан гажайып.
Кенеліңіз шаттыққа,
Бар жақсыға боп лайық.-дей келе «Ер төстік» тобы
бүлдіршіндерінің әсем –саз әнін қабыл алыңыздар!*

Ән: «Риза ағай , апайда!»



*Алтынтөре: Айгөлек ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек!
Айдай толған кезімде,
Би билеймін дөңгелеп!*

*Алдарыңызда «Толағай» тобының кішкентай бүлдіршіндерін «Айгөлек»
әнімен қарсы алыңыздар!*



Камшат: Келешекке алтын бақ,
Қосар таудай үлесін.
Жасай берсін жарқылдап,
Ұстаз атты ұлы есім.

Алтынтөре: Тәрбиеші апайлар,
Бағалансын еңбегің.
Қуана бер, шаттана,
Күлім қағып ертеңің

Ортада «Ер Төстік» тобы бүлдіршіндерінің жыр-шумақтарымен қарсы алыңыздар!

Аршам : Ұстаз деген –жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген- анасы ол адамның.

Аяна: Ұлы өмірге жетелеп
Ашқан білім есігін.
Құрметтейік мәпелеп,
Ұстаздардың есімін!

Аянат: Ұстаздаың анасы,
Балалардың панасы.
Ұстаздарды сүйеміз.
Әдеппен бас иеміз.

Камшат: Ақырын жүріп анық бас
Еңбегің кетпес далаға
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға, -дей келе бүгінгі мерекелік ән-шашуымызды
«Алтын сақа» бүлдіршіндерінің «Тәрбиеші» әнімен аяқтаймыз!